




ЭЛЕКТР СУ ЫСЫТҚЫШ
– пайдалану нұсқаулығы



4783580

КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ

ЭЛЕКТР СУ ЫСЫТҚЫШТАР

Талонды кепілдік мерзімі аяқталғанша сақтауыңызды сұраймыз. Өнімді сатып алған кезде кепілдік талонын толтыруды талап етіңіз. Кепілдік талонын толтырмас бұрын, су ысытқышты қарап шығып, жинақтамасын тексеріп алыңыз. Өнім сатылғаннан кейін, оның сыртқы беті мен жинақтамасының кемшілігі туралы кінәрат-талаптар қабылданбайды. Кепілдік бойынша жөндеу үшін сатып кепілдік талонын өнімнің алынған күні көрсетілген чекпен бірге ұсыныңыз. Осы талон көрсетілмесе, дұрыс толтырылмаса немесе сауда ұйымының мөрі қойылмаса, сапаға қатысты шағымдар қабылданбайды және жөндеу жұмыстары жүргізілмейді.

Үлгісі _____

Үлгі коды _____

Сериялық нөмір _____

Сауда ұйымы _____

(сатушы кәсіпорының атауы, орналасқан жері және мөрі)

Тексерген және сатқан _____

(сатушының аты-жөні, қолы)

Сатылған күні « _____ » _____ 20 _____ жыл

Кепілдік шарттарымен келісемін _____

(Сатып алушының аты-жөні, қолы)

1. Кепілдік мерзімі

Барлық су ысытқышқа берілетін кепілдік мерзімі — **1 жыл**.

Төменде берілген бөлек сериялы құрамдас бөліктерге:

Эмальмен қапталған болат

— суы бар ABS BLU EVO R сериялы ыдысқа — **3 жыл**;

— суы бар ABS BLU EVO RS, ABS ANDRIS LUX сериялы ыдысқа — **5 жыл**.

2. Кепілдік бойынша қызмет көрсету шарттары

Осы кепілдік талоны, көзделген шарттар сақталған жағдайда, су ысытқыш пен оның құрамдас бөліктерін кепілдік бойынша ақысыз жөндеу құқығын береді. Кепілдік бойынша жөндеу жұмысы су ысытқыш орнатылған жерде авторизацияланған сервис орталығының күшімен орындалады, ол туралы ақпарат осы талонның қосымшасында көрсетілген. Ақпарат болмаса немесе шынайы болмаса, сондай-ақ сервис орталығы кепілдік шарттарын бұзған болса, Сіз сауда ұйымына немесе өндіруші компанияның өкілдігіне жүгіне аласыз.

1-тармақта көрсетілген кепілдік мерзімдері, өнім сатылған күннен бастап есептеледі.

Өнімнің сатылған күні кепілдік талоны мен сатып алу чегінде көрсетіледі.

Талонда немесе чекте сатылған күні көрсетілмесе, кепілдік мерзімі өнім өндірілген сәттен бастап есептеледі.

Су ысытқыштың дайындалған күні мен техникалық сипаттамалары өнімнің корпусындағы сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген.

Магний аноды шығыс материалы болып саналады және кепілдік бойынша ауыстырылмайды.

3. Өнімнің қызмет ету мерзімі

Өнімді орнату, пайдалану және техникалық қызмет көрсету ережелері сақталмаған жағдайда, қызмет ету мерзімі кемінде 3 жылды құрайды.

Төменде атап көрсетілген бөлек сериялардың қызмет ету мерзімі:

- ABS BLU EVO R сериялы су ысытқыштар — **3 жыл**;
- ABS BLU EVO RS, ABS ANDRIS LUX сериялы су ысытқыштар — **5 жыл**.

4. Кепілдік мерзімінің уақытынан бұрын тоқтатылуы

Кепілдік мерзімі, төменде көрсетілген бір немесе бірнеше жағдай болғанда, 1-тармақта көрсетілген уақыт кезеңі өтіп кеткенге дейін тоқтатылады:

- Тұтынушының өнімді орнату, сақтау, тасымалдау және пайдалану ережелерін бұзуы;
- Магний аноды 24 айдан асатын кезең ішінде ауыстырылмаған (тоттанбайтын болаттан жасалған ішкі бағы бар үлгілерді қоспағанда);
- Өнімнің жұмыс істеу қабілетін бұзатын қосалқы бөлшектерді өз бетінше жөндеу және ауыстыру;
- Су ысытқышты орнатылған жерінен өз бетінше алып тастау. Өндірушінің авторизацияланған сервис орталығы істен шыққан су ысытқышты тек аспап орнатылған жерде ғана қарап шығады, сапасын тексереді және сараптайды;
- Өнімге механикалық зақым келтіру;
- Электр тоғымен және сумен жабдықтау желілері параметрлерінің қолданыстағы нормалар мен стандарттарға сай келмеуі;
- Өнімді мақсатына сай қолданбау;
- Өнімнің корпусында сериялық нөмірі көрсетілген сәйкестендіру тақтайшасының болмауы;
- Су құбыры желісінің қысымы 5 бар мәнінен жоғары болғанда қысымды төмендету үшін сақтандырғыш клапанының алдында редуктордың болмауы;
- Су ысытқышқа тікелей кірер жерде сақтандырғыш клапанның болмауы, оның зақымдалуы немесе бітеліп қалуы.

5. Қосымша ақпарат

Сатып алынған жабдықты орнату және мерзімді сервистік қызмет көрсетіп тұру үшін біздің сервис орталықтарымыздың қызметтерін пайдалануды ұсынамыз. Сервис орталықтарының желілері арқылы су ысытқышқа қосалқы бөлшектер мен толымдаушы бұйымдарды сатып ала аласыз, сондай-ақ қажетті техникалық кеңес ала аласыз.

Жеткізілім жиынтығы:

- Су ысытқыш;
- Сақтандырғыш клапан;
- Кронштейн;
- Орнату және пайдалану нұсқаулығы;
- Кепілдік талоны;
- Зауыттық тақтайша;
- Үшайыр (опция);
- Ағызу краны (опция).

Өнімді орнату және қолдану алдында, қоса берілетін нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.

Өндіруші: Аристон Термо СпА, Виале Аристиде Мерлони, 45,60034 Фабриано (АН), Италия
Импорттаушы, өкілетті ұйым: «Аристон Термо Русь» ЖШҚ, Ресей, 188676, Ленинград облысы, Всеволожский ауданы, Всеволожск қ., Всеволожск қаласы Өндірістік аймағы, Индустриальная к-сі, № 9 үй, А өрпі.

ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

- Осы нұсқаулық су ысытқыштың жеткізілім жиынтығына кіреді. Аспапты басқа пайдаланушыға берсеңіз және/немесе басқа жерде пайдаланатын болсаңыз, нұсқаулықты қолжетімді жерде сақтаңыз.
- Осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Нұсқаулықта су ысытқышты орнату, пайдалану және қызмет көрсету кезіндегі сақтық шаралары туралы қажетті ақпарат қамтылған.
- Аспап пайдаланушының қаражаты есебінен орнатылады.
- Аспапты басқа мақсатқа қолдануға үзілді-кесілді тыйым салынады. Өндіруші фирма осы нұсқаулықтың талаптарын орындамау нәтижесінде туындаған зақымдар үшін жауапты емес.
- Орнату және техникалық қызмет көрсету бойынша барлық жұмыстарды білікті маман қолданыстағы нормалар мен ережелерге, сондай-ақ өндіруші фирманың талаптарына сай орындауы тиіс.
- Дұрыс орнатылмаған аспапты пайдалану салдарынан жарақат келуі және мүлікке нұқсан келуі мүмкін. Өндіруші жабдықты дұрыс орнатпау нәтижесінде алынған зақымдар үшін жауапты емес.
- Қаптау материалдарын (қысқыштар, полиэтилен пакеттері, көбікті полистерол және т.б.) балалардан алшақ жерде сақтаңыз. Қаптау материалы денсаулыққа зиянды.
- Іс-қимыл, сезу немесе ақыл-ой қабілеттері төмен немесе өмірлік тәжірибесі я білімі жоқ тұлғаларға (соның ішінде балаларға) бақылау жүргізілмесе немесе олардың қауіпсіздігіне жауапты тұлға аспапты пайдалану бойынша нұсқама бермесе, онда бұл аспап осындай тұлғалардың пайдалануына арналмаған.
- Жалаңаяқ тұрғанда немесе қолыңыз және/немесе аяғыңыз ылғал болса, аспапты ұстамаңыз.
- Жөндеу жұмыстарын білікті маман, дайындаушы фирма өндірген қосалқы бөлшектерді қолдана отырып орындауы тиіс. Осы талап сақталмаған жағдайда, өндіруші өзіне жүктелген барлық кепілдік міндеттемелерінен бас тартады.
- Ыстық су температурасы қызып кетуден қорғайтын термостатпен реттеледі.
- Сумен жабдықтау «Гидравликалық қосылыс» тармағына сай орындалуы тиіс.
- Электр тоғына жалғау «Электр қосылыс» тармағына сай орындалуы тиіс.
- Сақтандырылған клапанды жиынтыққа қосылмаған, қолданыстағы талаптар мен нормаларға сай келмейтін басқа түріне алмастыруға немесе түрлендіруге үзілді-кесілді тыйым салынады.
- Тез тұтанатын заттарды жабдықтың дәл жанында сақтамаңыз.
- Су ысытқыш тұрмыстық мақсаттағы техникалық күрделі электр аспап болып табылады.
- Электр су ысытқышты орнату себебінен тұрғын үйлердегі тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды қайта жабдықтау (қайта құру) керек болса, оны белгіленген тәртіпте тиісті рұқсаттарды алғаннан кейін ғана орнатуға рұқсат етіледі.
- Су ысытқышты тігінен немесе көлденеңінен (үлгісіне қарай), үсті жабық көліктің кез келген түрімен тасымалдау керек, бұл кезде көлік құралының ішінде соғылудың, жылжудың және құлап қалудың алдын алу үшін аспапты мықтап бекіту керек.
- Су ысытқышты жүк тиеу-түсіру жұмыстары барысында соғуға болмайды.
- Тасымалдау кезінде қаптаманы қысқыштармен қармау керек болса, таңба  орналасқан қаптаманың бүйір жақтарынан қармау ұсынылады.
- Өнім сақталатын қойма жайларда ауа температурасы +5 °C мен +40 °C аралығында болуы, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы +25 °C температурасында 80 %-дан аспауы, ал аса төмен температурада ылғалдың конденсациясы болмауы керек.
- Өнімді қаптамада, атмосфералық жауын-шашынның әсерінен қорғайтын қойма жайларда, ауада қышқыл, сілті булары және басқа да қоспалар болмайтын жағдайда сақтау қажет.
- Су ысытқыштарды тігінен қаттау керек болса, келесі нормалар қолданылады:

Су ысытқыш корпусының пішіні	Су ысытқыш бағының көлемі, л	Ең жоғары қаттау биіктігі, дана
Teric	30-50-80-100	12
Шаршы тәрізді (көлемі шағын)	10-15-30	10
Цилиндр тәрізді (диаметрі тар)	30-40-50	8
	65-80	6
	50	8
Цилиндр тәрізді (диаметрі стандартты)	65-80-100	6
	120-150	5

НҰСҚАУЛЫҚТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТАҢБАЛАР

Таңба	Мәні
	Осы талаптарды ұстанбау салдарынан тіпті өлімге жетелейтін ауыр жарақаттар келтірілуі мүмкін.
	Осы талаптарды ұстанбау салдарынан мүлікке, өсімдіктерге немесе жануарларға зиян келтірілуі мүмкін.
	Қауіпсіз пайдалану бойынша жалпы талаптар және ережелер

ЖАЛПЫ ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

№	Ереже	Қауіп	Таңба
1	Су ысытқыш корпусын ашпаңыз	Электр тоғы соғуы мүмкін. Ыстық компоненттерді ұстау кезінде күйік шалуы мүмкін. Өткір жиектер мен дөңестерді ұстау кезінде жарақат келуі мүмкін.	
2	Желілік ашаны розеткаға салу немесе суырып алу арқылы су ысытқышты қоспаңыз және сөндірмеңіз. Бұл үшін ажыратқышты қолданыңыз	Кәбілдің, ашаның немесе розетканың зақымдануы салдарынан электр тоғы соғуы мүмкін	
3	Электр қуат көзі кәбілі зақымдалған су ысытқышты пайдаланбаңыз	Кернеуі бар, оқшаулағышы зақымдалған сымдарды ұстау кезінде электр тоғы соғуы мүмкін	
4	Су ысытқыш үстіне бөгде заттарды қоймаңыз	Су ысытқыштың дірілдеуі нәтижесінде заттар құлап жарақат келтіруі мүмкін.	
		Дірілдеу нәтижесінде бөгде заттардың құлауы салдарынан аспап немесе оның астындағы заттар зақымдалуы мүмкін.	
5	Су ысытқыштың үстіне тұрмаңыз	Аспап құлаған кезде жарақат алуыңыз мүмкін	
		Аспаптың құлауы салдарынан аспап немесе оның астындағы заттар зақымдалуы мүмкін	
6	Су ысытқышты тазалау алдында, оны электр қуат көзі желісінен ажыратыңыз, бұл үшін ашаны розеткадан суырып алыңыз немесе желілік ажыратқышты ажыратыңыз.	Электр тоғы соғуы мүмкін	
7	Аспапты дірілдің күшеюіне әсер етпейтін берік қабырға бетіне бекітіп қойыңыз	Өйтпесе шу деңгейі жоғары болуы мүмкін	
8	Электр қосылыстар үшін қимасы дұрыс өзекетері бар кәбілдерді қолданыңыз	Өзекектердің қимасы жеткіліксіз болса, кәбілдер қызып кете беретін болады. Бұның салдарынан өрт шығуы мүмкін.	
9	Аспапты іске қосу алдында, басқару және қорғау құрылғыларының барлығы бірқалыпты жұмыс істеп тұрғанына және жұмысқа жарамды екеніне көз жеткізіп алыңыз	Ақаулы немесе реттелмеген басқару жүйесімен жұмыс істеу нәтижесінде аспап сөнугі немесе зақымдалуы мүмкін	

ҚОСЫМША ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

10	Су ысытқышты басқа жерге қою алдында, ыстық суын төгіңіз	Күйік шалуы мүмкін	
11	Су ысытқышты қақтан тазарту тиісті құжаттағы нұсқаулыққа сай орындалады. Үй-жай жақсылап желдетілуі тиіс. Жұмысты, әртүрлі компоненттердің араласып кетуіне жол бермей, қорғаныс киімінде орындау керек. Су ысытқышқа және оның маңайындағы нысандарға тазартқыш заттардың тиіп кетпеуі керек.	Теріге немесе көзге қышқылдардың тиіп кетуі, сондай-ақ химиялық заттардың зиянды буларын іскеу салдарынан жарақат алуыңыз мүмкін	
		Қышқылдармен өзара әрекеттесуге байланысты тоттану салдарынан аспап немесе қоршаған нысандар зақымдалуы мүмкін	
12	Су ысытқышты тазалау үшін инсектицидтерді, еріткіштерді немесе агрессивті құралдарды қолданбаңыз	Пластиктің және боялған бөліктердің зақымдалуы	

«Аристон Термо Групп» компаниясы өндірген электр су ысытқышты сатып алғаныңыз құтты болсын! Бұл жабдық еуропалық сапа стандарттарына сай әзірленген және мәлімделген техникалық сипаттамаларға сай келеді. Су ысытқыш оңай қолданылады, тұтынушылық қасиеттері жоғары және ұзақ уақыт бойы қызмет етеді. Ол көңіліңізден шығады деп сенеміз. Су ысытқышты дұрыс орнатуды және пайдалануды қамтамасыз ету үшін осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.

1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

1.1. Жеткізілім жиынтығы және мақсаты

- 1.1.1. Су ысытқыш
- 1.1.2. Сақтандырғыш клапан
- 1.1.3. Кронштейн
- 1.1.4. Орнату және пайдалану нұсқаулығы
- 1.1.5. Келілдік талоны
- 1.1.6. Зауыттық тақтайша
- 1.1.7. Ұшайыр (опция)
- 1.1.8. Ағызу краны (опция)

Бұл жабдық ғимараттардың ішінде, тұрмыстық және шаруашылық үй-жайларда орнату үшін әзірленген және суды қайнау нүктесінен төмен ысытуға арналған, сонымен қатар бірнеше нүктеде (ванна бөлмесі, ас үйі, дәретхана) ыстық сумен жабдықтау және белгіленген температураны одан әрі автоматты режимде қолдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Су ысыту уақыты су ысытқыштың көлеміне және қыздырғыш элементтің қуатына байланысты.

1.2. Негізгі элементтер

- 1.2.1. Ішкі бак
- 1.2.2. Көбікті полиуретаннан жасалған жылу оқшаулағыш, тіпті су ысытқыш сөніп тұрса да, жылу ысырабын барынша төмендетеді.
- 1.2.3. Ысытқыш элемент
- 1.2.4. Су ысытудың қажетті температурасын белгілеуге мүмкіндік беретін температура реттегіші
- 1.2.5. Су ысытқыштың ішіндегі суды ысыту температурасын бақылайтын термостат
- 1.2.6. Су ысытқышқа кірер жерде орнатылатын, сонымен қатар сумен жабдықтау магистраліне суды қайтарудың алдын алу және ішкі бакты артық қысымнан қорғау қызметін атқаратын сақтандырғыш клапан
- 1.2.7. Ішкі бакты тоттанудан қосымша қорғайтын магний аноды

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Су ысытқыштың техникалық сипаттамалары су контурының түтікшелерінің жанында орналасқан зауыттық тақтайшада келтірілген.

Көлемі, л	10	15	30
Салмағы, кг	6,6	7,4	12,8

Бұл жабдық ТШ 3468-011-11182725-2006 бойынша ЕЕС/89/336 ЕМУ электромагниттік үйлесімділік бойынша ЕО директивасына сәйкес дайындалған.

1.3. Су ысытқыштың сипаттамасы

- F) Индикатор шамы
- A) Қақпақ
- M) Реттеу тұтқасы
- v) Суық су кірісі
- c) Ыстық су шығысы

2. ОРНАТУ

Назар аударыңыз! Су ысытқышты білікті маман қолданыстағы ережелер мен санитарлық-гигиеналық нормаларға, сондай-ақ осы нұсқаулықтағы талаптарға сай орнатуы және баптауы тиіс.

2.1. Су ысытқышты қабырғаға бекіту

- 2.1.1. Су ысытқыш іргелі қабырға бетіне, кронштейн көмегімен орнатылады. Жеткізілім жиынтығына кіретін кронштейнді қабырға бетіне бекітіңіз. Су ысытқыштың артық жағындағы орнату тесіктерін қарап шығыңыз және қажет болса, су ысытқышты кронштейнге орнатуға кедергі келтіретін жылу оқшаулағыш қалдықтарын алып тастаңыз. Су ысытқышты сәл төмен басып, кронштейн деңестерін кигізіңіз, осылайша кронштейннің екі деңесі де орнату тесіктеріне кіреді.
- 2.1.2. Дайындалған бекіткіш сумен толтырылған су ысытқыштың үш еселенген салмағына шыдауы керек.
- 2.1.3. Жылу ысырабын азайту үшін, аспапты су бөлетін тораптан ең қысқа қашықтыққа орнату керек.
- 2.1.4. Техникалық қызмет көрсету үшін аспаптың астында кемінде 50 см, ал төбеден кемінде 10 см бос кеңістік қалдыру керек.
- 2.1.5. Су төменнен берілетін үлгілердегі «OR» әріпті белгісі бар және олар раковинаның астында орнатуға арналған. Су жоғарыдан берілетін үлгілерде «UR» әріпті белгісі бар және олар раковинаның астында орнатуға арналған.
- 2.1.6. Ыстық сумен жабдықтау жүйесінің ақауларына байланысты тұтынушының және (немесе) үшінші тұлғалардың мүлкіне зиян келтірілмеуі үшін, су ысытқышты гидрооқшауланған едендері және көріз жүйесінің дренажы бар үй-жайларда орнату керек, сондай-ақ су ысытқыштың астында судың әсерінен тез бұзылатын заттарды ешбір жағдайда орналастыруға болмайды.
- 2.1.7. Су ысытқышты қорғалмаған үй-жайларда орналастыру кезінде, оның астында көріз жүйесінің дренажы бар қорғағыш түпқойманы орнату керек.

2.2. Гидравликалық қосылыс

Назар аударыңыз! Жеткізілім жиынтығына кіретін сақтандырғыш клапанды орнату міндетті талап болып саналады. Сақтандырғыш клапан мен бак кірісінде көз келген ілмекті арматураны орнатуға, сондай-ақ сақтандырғыш клапанның ағызу тесігін жабуға болмайды.

Су ысытқыш сумен жабдықтау жүйесіне ағытпалы қосылыстардың көмегімен жалғануы тиіс.

Стандартты жалғау (1-сур.)

2.2.1. Жеткізілім жиынтығына кіретін сақтандырғыш клапанды су ысытқыштың суық су кірісіне орнату керек (көк сақинамен белгіленген). Сақтандырғыш клапанды ең көбі 3—4 айналммен бұраған жөн, сондай-ақ оның бітеулігін кез келген су өткізбейтін материалмен қамтамасыз ету керек.

2.2.2. Сақтандырғыш клапанның кіріс түтігін суық су магистраліне құбырдың немесе иілгіш құбыршектің көмегімен жалғаңыз.

2.2.3. Су ысытқыштан ыстық су шығысына (қызыл сақинамен белгіленген) ыстық суды су алатын жерге су бұруға арналған құбырды немесе иілгіш құбыршекті жалғаңыз.

2.2.4. Суды төменнен жеткізетін үлгілерге оңай қызмет көрсету үшін, су ысытқышқа суық су кірісі мен сақтандырғыш клапан арасындағы бекітпе кран арасына ұшайырды орнату ұсынылады. Осылайша, сақтандырғыш клапанды алып тастамай, су ысытқыштың суын түгеле болады.

2.2.5. Су төменнен берілетін үлгілер үшін суды ағызу кезінде баққа қолжетімділікті жеңілдету үшін, су ысытқыштың ыстық су шығысында бекітпе краны бар ұшайырды орнату ұсынылады.

2.2.6. Су жеткізу желісіндегі қысым 5 бар мәнінен жоғары болғанда, сақтандырғыш клапанның алдында қысымды төмендететін редукторды орнату керек.

Суы бар ашық резервуарға жалғау (2-сур.)

2.2.7. Су резервуардан су ысытқышқа өзі ағады. Осы жалғау нұсқасында сақтандырғыш клапан міндетті емес.

2.3. Электр қосылыс

Назар аударыңыз! Аспапты электр тогына жалғау жұмысын білікті маман қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтай отырып орындауы тиіс. Өндіруші фирма дұрыс жерге тұйықтамау немесе электр қуат көзінің дұрыс емес параметрлері себебінен аспапқа келтірілген зақымдар үшін жауапты емес.

2.3.1. Аспап электр көбілмен және ашамен бірге жеткізілсе, онда оны электр қуат көзіне қоса салыңыз.

2.3.2. Су ысытқыш электр қуат көзі көбілінсіз жеткізілсе, электр тогының желісіне қосу үшін тиісті типтегі көбілді (типті H05VV-F 3 × 1,5 мм², Ø 8,5 мм) қолданыңыз. Су ысытқыш қақпағын алып тастаңыз. Электр қуат көзі көбілін аспаптың артындағы тесікке (F 3-сур.) салып, термостаттағы (M 6-сур.) клеммаларға жалғаңыз. Содан соң, сым тиісті бұрамамен бекітілуі тиіс.

2.3.3. Су ысытқыш жерге тұйықталуы керек. Жерге тұйықтау схемасы су ысытқыш корпусында электр потенциалдың болмауын қамтамасыз етуі тиіс. Жерге тұйықтау сымын (сары-жасыл түсті) таңбамен  белгіленген клеммаға жалғау керек. Электр қуат көзі көбілін көбіл қысқыштардың көмегімен бекітіңіз.

Электр қуат көзі параметрлері сәйкестендіру кестесінде көрсетілген су ысытқыштың техникалық сипаттамаларына сай келетініне көз жеткізіңіз.

3. ҚОСУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ІСТЕУ

3.1. Пайдалануға беру

3.1.1. Су ысытқышты электр қуат көзіне қосар алдында, баққа міндетті түрде су толтырыңыз.

Бұл үшін араластырыштағы ыстық су кранын, содан соң су ысытқышқа суық су беру кранын ашыңыз.

3.1.2. Су ысытқыш толғаннан кейін, араластырыштан су ағады. Фланецтен су ағып тұрмағанын тексеріңіз. Қажет болса, оны ортаға дөңдеп, фланец сомындарын қатайтып бұраңыз.

3.1.3. Араластырыштағы ыстық су кранын жабыңыз.

3.1.4. Аспапты электр қуат көзіне қосыңыз.

3.1.5. Реттеу тұтқасын оң бағытқа бұрап, су ысытқышты қосыңыз.

3.2. Температураны реттеу

3.2.1. Сыртқы температура реттегішімен жабдықталған үлгілерде су ысыту температурасы термостатпен белгілерге сай біріктірілген тұтқаның көмегімен реттелуі мүмкін.

3.2.2. Температураны қыздыру температурасын арттыру үшін реттеу тұтқасын оң бағытқа және оны азайту үшін реттеу тұтқасын теріс бағытқа бұрау арқылы орнатады.

3.2.3. Индикатор шамы қыздыру фазасы барысында үздіксіз жанып тұрады және белгіленген температураға жеткеннен кейін өшеді.

3.2.4. Үлгінің сыртқы температура реттегіші болмаса, оны орнату үшін «+» және «-» таңбаларымен белгіленген диапазондағы термостаттың реттегіш бұрамасын айналдыру керек. Бұл үшін су ысытқышты электр қуат көзінен ажыратып, аспаптың пластик қақпағын алып тастау қажет.

3.2.5. Термостаттың реттегіш бұрамасын ең жоғары мәннен шамамен 75%-ға сай келетін күйге орнату керек. Бұл жағдайда, аппарат қақтың түзілу жылдамдығын барынша азайта отырып, үнемді режимде жұмыс істейді.

3.3. Қатып қалудан қорғайтын функция

Реттеу тұтқасын таңбаға  бұраңыз (осы функциясы бар үлгілер үшін ғана). Назар аударыңыз: осы функция жұмыс істеп тұрғанда аспапты электр қуат көзінен ажыратпаңыз.

4. ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ

Назар аударыңыз! Құрылғыны өз бетіңізше жөндеуге тырыспаңыз. Техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша барлық жұмыстарды білікті маман қауіпсіздік техникасы ережелерін, сондай-ақ осы нұсқаулықтағы талаптарды сақтай отырып орындауы керек.

4.1. Суды ағызу

Аспап орнатылатын жерде температураның 0°C -ден төмен түсуі ықтимал болса, су ысытқыштың суын ағызу керек.

4.1.1. Аспапты электр қуат көзінен ажыратыңыз.

4.1.2. Аспаптың ішіндегі судың температурасы қауіпсіз екеніне көз жеткізіңіз.

4.1.3. Су ысытқышқа берілетін суық суды жабыңыз.

4.1.4. Бактың ішіндегі қысымды шығару үшін араластырғыштағы ыстық су қранын ашыңыз.

Суды төменнен жеткізетін үлгілер үшін:

4.1.5. Баққа ауаның кіруін қамтамасыз ету үшін, су ысытқыштан ыстық су шығысында орнатылған (қызыл сақинамен белгіленген) ұшайырдағы бекітпе қранды ашыңыз. Ол болмаса, су ысытқыштың шығысындағы қосылыстарды алып тастау керек.

4.1.6. Көріз жүйесіне бағытталған дренаж құбыршегін су ысытқышқа суық су кірісінде орнатылған (көк сақинамен белгіленген) ұшайырдағы бекітпе қранға жалғап, ашыңыз.

Ол болмаса, дренаж құбыршегін су ысытқыштың кірісіне орнату керек.

4.1.7. Ағызғаннан кейін, су ысытқыштың ішінде судың жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

Суды жоғарыдан жеткізетін үлгілер үшін:

4.1.5. Су ысытқышқа суық және ыстық су жеткізетін түтікшелерді абайлап алып тастаңыз.

4.1.6. Су ысытқышты раковинаның, ваннаның немесе көлемі жағынан сай келетін ыдыстың үстіне төңкеріңіз.

4.1.7. Ағызғаннан кейін, су ысытқыштың ішінде судың жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

Су ысытқыштың ішіндегі судың қатып қалуы салдарынан қалпына келмейтін өзгерістер мен ақаулар туындайды.

Бұл жағдайда, өндіруші өзіне жүктелген барлық кепілдік міндеттемелерінен бас тартады.

4.2. Ішкі элементтерді ауыстыру

Су ысытқышты электр қуат көзінен ажыратыңыз. Аспаптың қақпағын алып тастаңыз (**A** 7-сур.).

Термостатты ауыстыру үшін, оны ұясынан итеріп, қуат тізбегінен ажыратыңыз (бақтағы суды ағызбай).

Қыздырғыш элементті (**R** 5-сур.) және магний анодын (**N** 5-сур.) ауыстыру үшін су ысытқыштың суын ағызу керек. Аспапты құрастыру кезінде қыздырғыш элементті, фланец аралық қабатын және термостатты бастапқы күйге қайтаруды ұмытпаңыз. Фланецтің аралық қабатын қайта құрастырғанда ауыстырып тұру ұсынылады. Ауыстыру барысында, барлық компоненттердің өз орындарына қойылғанына көз жеткізуіңізді сұраймыз.

Жөндеу немесе қызмет көрсету бойынша кез келген операцияны орындаудың алдында аспапты электр желісінен ажыратыңыз. Тек өндіруші зауыт қана өндіретін қосалқы бөліктерді қолданыңыз.

4.3. Жүйелі түрде қызмет көрсетіп тұру

4.3.1. Магний аноды

Магний аноды — резервуарды тоттанудан қорғайтын жүйенің ажырамас құрамдас бөлігі.

Магний анодының күйін ЖЫЛ САЙЫН тексеріп тұру керек. Магний аноды қатты тозып кеткен жағдайда, оны ауыстыру қажет. Магний аноды тозып кеткен жағдайда (қалдық көлемі 30 %-дан кем) резервуарға кепілдік берілмейді. Магний анодын ең кемі 24 айда 1 рет ауыстырып тұру керек (тоттанбайтын болаттан жасалған ішкі бағы бар су ысытқыштарды қоспағанда).

Магний аноды шығыс материалы болып саналады және кепілдік бойынша ауыстыруға келмейді.

4.3.2. Сақтандырғыш клапан

Сақтандырғыш клапанның (артық қысымнан қорғау құрылғысы) бекітілмегенін немесе зақымдалмағанын үнемі тексеріп тұрыңыз. Қажет болса, оны ауыстырыңыз немесе әк қағын алып тастаңыз. Сақтандырғыш клапан иінтірекпен жабдықталған болса, клапанның жұмысқа жарамдылығын үнемі тексеріп тұру үшін осы иінтіректі көтеруге болады.




Ысыту режимінде, сақтандырғыш клапанның дренаж тесігінен су тамшылары ағуы мүмкін.

Бұл ысыту барысында судың жылу әсерінен кеңеюімен байланысты табиғи құбылыс. Сақтандырғыш клапанның дренаж тесігін көріз жүйесімен біріктіру ұсынылады.

4.3.3. САҚ (Сақтық ажырату құрылғысы)

Аспап электр қуат көзі кәбілінде орналасқан сақтық ажырату құрылғысымен (ҚАҚ) бірге жеткізілсе, онда су ысытқыштың бағына су толтырылғаннан және жүйенің бітеулігі тексерілгеннен кейін, су ысытқыштың электр ашасын розеткаға қосып, келесі әрекеттерді орындаңыз:

- САҚ корпусында «RESET» түймесін басыңыз. — Қуаттың берілуін аңғартатын индикатор жанады.
- «TEST» түймесін басыңыз. Кернеу бұдан былай берілмейді және қуат индикаторы өшеді.
- «RESET» түймесін қайтадан басыңыз. Қуат индикаторы жанса, демек, құрылғыны қауіпсіз пайдалана беруге болады.
- «RESET» түймесін басқаннан кейін, қуат индикаторы жанса, онда жақын маңдағы авторизацияланған сервис орталығына жүгініңіз.



4.4. Назар аударыңыз

- 4.4.1. Өндіруші дұрыс қоспау немесе осы нұсқаулықтың талаптарын ұстанбау салдарынан келтірілген нұқсан үшін жауапты емес.
- 4.4.2. Сантехникалық құбырлар және жапқыш арматура су жеткізу желісінің параметрлеріне сай келуі тиіс.
- 4.4.3. Су ысытқыш тұрмыстық мақсаттағы техникалық күрделі электр аспап болып табылады.
- 4.4.4. 50°C-ден жоғары ыстық судан тіпті өлімге жетелейтін ауыр күйік шалуы мүмкін. Балалар, егде тартқан адамдар және денсаулығы нашар адамдар күйік шалу қаупіне анағұрлым тез ұшырайды.
- 4.4.5. Су ысытқыштан су тамшылауы мүмкін, сондықтан оның астында бағалы заттар мен бұйымдарды қалдырмаңыз.
- 4.4.6. Аспап орнатылатын жерде температураның 0 °C-ден төмен түсуі ықтимал болса, су ысытқыштың суын ағызу керек.
- 4.4.7. Су ысытқыш сатып алушының қаражаты есебінен орнатылып, қосылады.
- 4.4.8. Өнімнің сыртқы корпусындағы термооқшаулағыш іздері өндірістік процестің технологиялық ерекшелігі болып табылады және ақау емес.
- 4.4.9. Аспапты жөндеу және қызмет көрсету жұмыстарының барлығы су ысытқышты электр қуат көзінен ажыратқаннан кейін ғана орындалуы тиіс.
- 4.4.10. Барлық ақауды жөндеу ұйымдарының мамандары ғана жояды.
- 4.4.11. Ақау пайда болғанда, су ысытқышты электр қуат көзінен ажыратыңыз, суық судың берілуін тоқтатыңыз және сервис қызметіне ақау туралы хабарлаңыз.
- 4.4.12. Сервис орталығына хабарласу алдында, ақаудың сумен жабдықтау жүйесіндегі немесе электр қуат көзіндегі іркілістермен байланысты емес екеніне көз жеткізіп алыңыз.
- Кепілдік бойынша қызмет көрсетуге қатысты барлық сұрақтар бойынша жақын маңдағы авторизацияланған сервис орталығына жүгініңіз.**

4.5. Тыйым салынған жағдайлар

- 4.5.1. Су ысытқыштың конструкциясын өзгерту.
- 4.5.2. Суды төменнен жеткізетін үлгілерді раковина астында, ал су жоғарыдан жеткізілетін үлгілерді — раковинаның үстінде орнату.
- 4.5.3. Су ысытқышты басқа мақсатпен қолдану.
- 4.5.4. Су ысытқышты пайдалану барысында еңкейту, басқа жерге көшіру немесе төңкеру.
- 4.5.5. Сақтандырғыш клапанның ағызу тесігін жабу немесе бітеу.
- 4.5.6. Су ысытқышқа су толтырылмаған болса, оны электр қуат көзіне қосу.
- 4.5.7. Аспап электр қуат көзіне қосылып тұрғанда, оның пластик қаппағын алып тастау.
- 4.5.8. Жерге тұйықтау сымы зақымдалған немесе мүлде жоқ су ысытқышты қосу.
- 4.5.9. Жылыту немесе суық және ыстық сумен жабдықтау құбыржолдарын жерге тұйықтау ретінде қолдану.
- 4.5.10. Электр қуат көзіне қосылу үшін ұшайырлар, ұзартқыштар және жалғастырғыш тетіктерді қолдану.
- 4.5.11. Қыздырғыш элемент немесе термостат істен шыққан жағдайда, су ысытқышты қосу.
- 4.5.12. Су құбыры желісінің қысымы 5 бар мәнінен жоғары болғанда қысымды төмендету үшін редукторсыз су ысытқышты қолдану.
- 4.5.13. Су ысытқышты ең жоғары қысым ауқымында 80 °C-дан артық температураға есептелмеген құбырлар мен фитингілерге жалғау.
- 4.5.14. Сақтандырғыш клапаны жоқ немесе жиынтықпен бірге жеткізілетін клапаннан өзгеше клапаны бар су ысытқышты су жеткізу желісіне қосу.
- 4.5.15. Сақтандырғыш клапанды су ысытқыштың ыстық су шығысына жалғау.
- 4.5.16. Аспапты желдетілмейтін және ылғалды үй-жайларда орнату.
- 4.5.17. Су ысытқышты төмен температураларда қолдану.
- 4.5.18. Аспапты тікелей күн сәулелерінің әсеріне ұшырату.
- Өндіруші өнім конструкциясына, дизайнына, жинақтамасына және өзге де сипаттамаларына алдын ала ескертпестен кез келген шамалы өзгерістер енгізуге құқылы.**



Бұл өнім ЕО 2002/96/ЕО-EU 2002/95/ЕО директивасының талаптарына сай келеді.

Сызып тасталған қоқыс себеті таңбасы қолданыстағы заңнаманың нормаларына сәйкес осы өнімді тұрмыстық қалдықтардан бөлек көдеге жарату керектігін білдіреді.

Тұтынушы қоршаған ортаны қорғауға септігін тигізе отырып және өнімді жасау кезінде қолданылған материалдарды қайтадан пайдалануды қамтамасыз ете отырып, жабдықты дұрыс көдеге жарату үшін жауапты.

Бұл жабдық келесі талаптарға сай келеді:

Кеден одағының техникалық регламенті:

— КО ТР 004/2011 «Төмен вольтті жабдықтардың қауіпсіздігі туралы»

— КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі»



Сертификат RU C-IT.AЯ46.B.60719
Қолданылу мерзімі: 21/11/2013 — 20/11/2016

Сертификат RU C-IT.AЯ46.B.67604
Қолданылу мерзімі: 28/01/2015 — 27/01/2018

Сертификат RU C-п'46K68788
Қолданылу мерзімі: 03/04/2015 — 27/01/2018

Жарамды ақпарат пен сертификаттардың көшірмелерін
<http://www.ariston-pro.com> сайтынан таба аласыз


Сәйкестендіру кестесі





1					
2					
Nr			4		
3			4		
Mod.			6		
5			9		
MPa			Hz		
7	V~	8	9	Hz	
10			11		



1. Сауда маркасы
2. Сериялық нөмір
3. Үлгісі
4. Бак материалы
Fe+Enamel — эмальмен қапталған болат
Inox — тоттанбайтын болат
5. Ең жоғарғы қысым
6. Көлемі
7. Номиналды қуат
8. Кернеу
9. Ток жиілігі
10. Өндіруші ел
11. Қорғаныс класы


Сериялық нөмір






Орнату схемасы

Раковина үстінде



MOD.	10	15	30
A	360	360	447
B	298	346	410
C	144	144	166
D	92	76	134


Раковина астында



MOD.	10	15
A	360	360
B	298	346
C	144	144
D	92	76


Орнату схемасы

Раковина үстінде



MOD.	10	15	30
A	360	360	447
B	276	324	389
C	144	144	166
D	92	78	115


Раковина астында



MOD.	10	15
A	360	360
B	276	324
C	144	144
D	92	78


Орнату схемасы

Раковина үстінде









MOD.	10	15	30
A	360	360	447
B	276	324	389
C	144	144	166
D	92	78	115




Раковина астында



MOD.	10	15
A	360	360
B	276	324
C	144	144
D	92	78



7





**WE MAKE USE OF
CYCLED PAPER**

«Аристон Термо Русь» ЖШҚ

Ресей, 188676, Ленинград облысы,
Всеволожский ауданы, Всеволожск қ.,
Всеволожск қаласының Өндірістік аймағы,
Индустриальная көш., № 9 үй, А лит.

Тел. + 7 (812) 332 81 00

Аристонның жедел желісі +7 (495) 777 33 00

e-mail: service.ru@aristonthermo.com

www.ariston.com/ru

420010678800 0715